

Бекітемін:
ЖШС «Бақжан»
бөбекжай-бақшасыныңменгерушісі:
 Туримбетова Г. К.



**«Сандуғаш» ересек тобының
маусым айының циклограммасы
2022-2023 оқу жылы**

Тәрбиеші: Шәмшиева М.

ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
«Сандуғаш» ересек тобы
МАУСЫМ АЙЫ - 1 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі күні 01.06.23	Жұма күні 02.06.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуді қалыптастыру Балалардың таңдауы бойынша еркін ойындарын ұйымдастыру Таңғы жаттығу маусым айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:				Жаз туралы суреттер бойынша әңгіме құрату. Тақпақ жаттату. Табиғи қалдық материалдардан жаз композициясын құрастыруды үйрету	Жаз туралы ән жаттау. Таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру.
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді пысықтау.				

Күндізгі серуен				Балаларды қорғау күніне арналған «Балақайлар шеруі» ата аналар мен бірге, қыздар мен ұлдар әсем киімдерін киіп подиум үстімен жүріп өту, балалардың көңілді би билеуін ұйымдастыру. Аспанға шар ұшыру. (Көбелек, құрбақа тасбақа) өмірін бақылату, әңгімелету	Гүлдер мен көкөністерді қағаздан құрастыру. Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту үшін жетекші сұрақтар қою.
Серуеннен оралу	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыру.				
Гигиеналық шаралар	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу	Ұйқыдан кейін дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеуді пысықтау.				

Бесін ас	Тамақтану алдында қолын жууды жетілдіру Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті				Жыл мезгілі және күннің суреттері екіге қиып, араластырып балаларға таңдау жасату. Балаларға сол қиындылардан суретті құрастыруды, топтастырып, әңгіме леп айтқызуды дамыту	«Менің жақындарым», тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу;
Серуенге дайындық	Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну, қатарды сақтай отырып серуенге шығуды қалыптастыру.				
Серуендеу				«Трамвай»ж/о Асфальтқа сурет салу байқауын ұйымдастыру Ойыншықтарды қолданумен құммен еркін ойындар ойнату	«Поезд» к/о Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын. Осы ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
«Сандуғаш» ересек тобы
МАУСЫМ АЙЫ - 2 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 05.06.23	Сейсенбі күні 06.06.23	Сәрсенбі күні 07.06.23	Бейсенбі күні 08.06.23	Жұма күні 09.06.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру. Таңғы жаттығу маусым айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Ғажайыптар еліндегі түрлі-түсті шарларды салғызу және бояту	Тура еденде жатқан жіп бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.	Ғажайып ойыншықтар дүкені туралы әңгіме құрату. Ондағы ойыншықтардың атын атауды жетілдіру.	Дастарханға нан қалай келетінін ертегілер, мазмұнды суреттер арқылы оқу іс- әрекетті бергі жобалау моділін құрумен түсіндіру.	Ауыл тіршілігімен таныстыру, қаламен ауыл айырмашылығы туралы түсінік беру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.				
Күндізгі серуен	Балалардың жақсы білетін ертегі кейіпкерлердің киімдерін кию	Суда қағаздан жасалған кемелер сайысын ұйымдастыру.	Ойыншықтар туралы мультфильм тамашалтау.	Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру.	Күннің жылынуын бақылату. Арнайы ыдыстарға суларды толтырып

	арқылы сахналату. Дәстүрлі емес суретте техникасымен сурет салғызу.	Қоршаған ортаны қорғау бойынша жаднама құрастыру. «Аңды ізіне қараптан ы», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен), Қимыл-қозғалыс ойындарын ойнату	Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойындар ойнату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.		күн сәулесі түсетін жерге қою, түстен кейін серуенге шыққанда оны бақылату. Су әлемі туралы жұмбақтар шешкізу, мультфильмдерден видеосюжеттер көрсету
Серуеннен оралу	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруын дамыту.				
Гигиеналық шаралар,	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шайғызу.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу,	Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндету.				
Бесін ас	Тамақтану алдында қолын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Таныс ертегі қойылымдарын сахналату.	Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Қағаздан үйшік жасау және ермексазdan топтағы ойыншықтардың мүсіндерін жасауды ұсыну	Ұнатып айтатын әндерін, билейтін билерін қайталап пысықтау.	«Із кесуші» мультфильмін көрсету. «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу	Балаларды кітап орталығына жинап «Атасының ақылы» әңгімесін оқып беру. Естерінеде әңгіме желісін сақтауын дамыту.
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді жетілдіру.				
Серуендеу	Құммен, ойыншықтармен еркін ойындар «Үрпек төбет» к/о	«Тегіс жолмен»ж/о Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл қозғалыс ойындарын өткізу	«Масаны ұстап ал»/о Сүйікті ойыншығының суретін бормен асфальтқа салғызу.	«Торғайлар мен мысық»ж/о екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу дағдыларын жетілдіру	«Жоғары лақтыр» к/о Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Жаз мезгіліндегі киім кию ережелерін түсіндіру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
«Сандуғаш» ересек тобы
МАУСЫМ АЙЫ - 3 аптациклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 12.06.23	Сейсенбі күні 13.06.23	Сәрсенбі күні 14.06.23	Бейсенбі күні 15.06.23	Жұма күні 16.06.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізе білуін қалыптастыру. Таңғы жаттығу маусым айы 3-4 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауды пысықтау. Нан қиқымыншашпауға, сусындытөкпейішудіқалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Алмалар бағындағы алманы жапсыру дағдысын дамыту	Арқан үстіментепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету	Таныс ертегі желісі бойынша сахналату.	Түрлі түсті қағаздардан гүл құрастыруды үйрету.	Жаз туралы ән жаттату. Таза интонациялауды, бір қарқында ән айтуды жетілдіру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді қалыптастыру				
Күндізгі серуен	Табиғаттағы еңбек, өсімдіктерге қамқорлық таныту. Өз топтарының ауласындағы гүлдерге су құю. Ағаштар туралы	Шығармашылық студиясы.Балаларға саз балшықтан алмалардытүрлі түсті, түрлі көлемдегі түрлерін жасауды көрсету,	Денсаулық іс-шарасы. «Дені саудың – жаны сау атты» спорттық ойындар жарысын ұйымдастыру. «Болады-болмайды»,	Балабақша мед бикесі мен азпаздаржелілі ойындарды ойнату . «Зиянды тағамдар» плакатын әзірлеу	Дидактикалық ойындар.«Гүлдерді ң сыңарын тап» , Табиғат құбылыстарын салыстыр, олар туралы ұғымдарды

	әңгімелер, өлеңдер оқып беру, жұмбақтар шешуін ұйымдастыру.	өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.	«Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойынын ойнату	(ұжымдық жұмыс). Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойынды ұйымдастыру.	пысықтау.
Серуеннен оралу	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды жетілдіру.				
Гигиеналық шаралар,	Серуеннен кейін беті қолын мойнын салқын сумен жуғызу. Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюды жасату.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу,	Ұйқыдан кейін кілем үстінде, дымқыл тұзды жолмен және ортопедиялық кілем үстімен жүргізу. Киімдерін ұқыпты өздігінен кию. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеуді қалыптастыру.				
Бесін ас	Тамақтану алдында қолын жуғызу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуді дамыту				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Балаларға шығармашылық орталықта дербес шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.	Табиғиматериалдар дантүрлікомпозиция жасауға аынталандыру.	Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуына ықпал ету. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға аынталандыру.	Ұнататын әнін дауыстап және төмен дауыспен орындату	Апта бойы жасаған жұмыстарды қорытындылату. Өздеріне ұнаған жұмысты қайталап жасауға болатынын айтып, балаларды орталықтарға бөліп іс әрекет жасату.
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді қадағалу.				
Серуендеу	«Мекен мен балапандар» қ/о «Балабақша ауласында қандай ағаштар өседі?», «Ағаштарды өрттен қорға!» тақырыптарында балалармен әңгімелесу.	«Қоймадағы тышқандар» қ/о Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу	«Допты қағып ал» қ/о Құм және сумен тәжірибе жасату	«Кішкене маймылдар» қ/о Балабақша ауласындағы гүлдерді бақылату, оларға күтім жасату	«Кім алысқа лақтырады» қ/о және құммен, ойыншықтармен еркін ойындар ұйымдастыру
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Жазғы сауықтыру іс шаралардың келесі аптадағы жоспарымен таныстыру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К.

ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
«Сандуғаш» ересек тобы
МАУСЫМ АЙЫ - 4 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 19.06.23	Сейсенбі күні 20.06.23	Сәрсенбі күні 21.06.23	Бейсенбі күні 22.06.23	Жұма күні 23.06.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 1-2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуғызу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымыншашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Ертегілер еліндегі кейіпкерлерді салу және бояту	Жүру әдістерін пысықтау. Допты 1-2 м қашықтықтағы затқа лақтырып нысанаға тигізуді орындату	Ертегілер туралы не білетінін сұрау. Жақсы көретін ертегілерін айтып беруін ұсыну.	Ертегілердегі жан жануарлардың тіршілігімен таныстыру, атауын атауды дамыту.	Балалардың дүние танымын кеңейте отырып, ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа, мейрімділікке тәрбиелеу
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу. Ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруін пысықтау.				

Күндізгі серуен	Музыкалық іс шара. Музыка маманының жоспарына сай. «Табиғатпен тілдесу», балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу	Қимылды ойын «Орамал тастамақ». Бассейнде жүзу, суға шомылу, қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау. Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	Көркем шығармаларды сахналату. «Шалқан» ертегісін сахналату. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) «Ән көңілдің ажары» Балалар концертін ұйымдастыру	Құстар әлемі. Торғай, кептер, сауысқан құстарына жем беру, олар жайлы білетін әңгімелерін айтқызу, тақпақтар жаттату.	«Көңілді доп» үйірмесі. Доппен өтетін ойын түрлерімен таныстыру. Жеке еркін ойындар мен сумен ойын ойнату. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру
Серуеннен оралу	Қатарға жылдам тұруды, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды дамыту.				
Гигиеналық шаралар	«Салқын су құю» сауықтыру шарасын жасау Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау. Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюын қадағалау.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру				
Ұйқыдан ояну шынығу Бесін ас	«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасы Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын жетілдіру. Тамақтану алдында қолдарын жууды. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	«Қызыл раушан» әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. көңіл көтерулеріне жағдай жасау	«Ғажайып кілемше». Дайын әшекей бейнелеріне гүлдерді салғызу, бояту.	«Гүлдер таласы» ертегісін оқып беру. Балаларға өз бетінше ертегі мазмұнын айтуды дағдыландыру.	Балабақша ауласында өсіп тұрған гүлдерді санату, танып атауды, оларға күтім жасату.	Құммен гүлдер бағының әр түрлі қоршауларын құрастыруды ұйымдастыру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруді дамыту.				
Серуендеу	«Кімнің дауысы екенін тап» қ/о Көркем шығарма оқып беру Еркін ойындар	« Жасырулы тұрған не?» қ/о «Сылдырайды мөлдір су» денсаулыққа ауа мен судың пайдасы туралы әңгімелесу	«Жәй жүріп өт» қ/о «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындарын ойнату	«Не жедің тауып айт»ж/о Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылату (жуыну).	«Күміс алу» қ/о «Допты спорт түрлері» жайлыбалаларменәңгімелесу
Үйге қайту Ата-анаға кенес	Ата-аналарға су паташалығы апталығы өтетіні туралы хабарлап, іс шаралар жоспарымен таныстыру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К. 

ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
«Сандуғаш» ересек тобы
МАУСЫМ АЙЫ - 1апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 26.06.23	Сейсенбі күні 27.06.23	Сәрсенбі күні 28.06.23	Бейсенбі күні29.06.23	Жұма күні 30.06.23
Танертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу.. Ертегі кейіпкер арқылықал жағдайын,көңіл күйін сұрау онымен дұрыс сәлемедесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 5 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жуғызу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымыншашпауға, сусындытөкпейішудіқалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Ергеідегі жануарды мүсіндету	Шеңбер түрінде еденде қойылған арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету		Табиғи қалдық материалдарды пластилинмен біріктіру арқылы жануарларды құрастырғызу	Астана қаласы туралы ән жаттату. Ырғаққа сәйкес сөздерді анық айтуды музыка сипатын би қимылында дұрыс орындауды қалыптастыру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, достарына көмектесу, ойыншықтарды алып шығып, қатармен жүруді жетілдіру.				

Күндізгі серуен	Музыка оқу қызметінде өткен әндерін естеріне түсіріп, концерт ұйымдастыру. Жеке еркін ойындары мен сумен ойындар арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу. Ұқыптылықты қалыптастыру.	Доппен балалардың жақсы көретін ойын түрлерін ойнату «Бақшадағы қояндар». қимыл-қозғалысты дамыту ойынын ұйымдастыру «Су патшалығы» мерекелік іс-шараны ұйымдастыру		«Раушан, райхан» гүліне бақылау, гүлдерді салыстыру, түсін, исін әңгімелету. Гүлдердің суретін құмда және мольбертте салғызу	Әженің ертегі кітабынан ертегі оқып беру. Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойыншық машиналар, қуыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).
Серуеннен оралу	Қатарға жылдам тұру, реттілікті бұзбай топқа оралу. Киімдерін реттілікпен шешіп, ауыстыруды пысықтау.				
Гигиеналық шаралар,	«Салқын су құю» сауықтыру шарасы Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау. Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаюын бақылау				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу,	« Жалаң аяқ жүру» сауықтыру шарасы Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын жетілдіру.				

Бесін ас	Тамақтану алдында қолдарын жууды. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Қалаулары бойынша шығармашылықпен айналысуға жағдай жасау. Ермексازдан гулдер жасату.	«Әдебиет» орталығында «Торғай мен көбелек» ертегісін оқып беру.		Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу.	Тәулікбөліктері(таңертең,күндіз,кеш,түн) олардыңсипаттамалықерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынкеңейту.
Серуенге дайындық	Өз киімдерін ұқыптылықпен кию, қатармен жүруін дамыту.				
Серуендеу	«Ұшты ұшты» қ/о «Табиғатпен тілдесу»тақырыбында балалармен қоршаған ортаны қорғау туралы әңгімелесу.	«Кешікпе» қ/о «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығулар жасату		«Торғайлар мен мысық» қ/о	«Шеңберге түсір» қ/о Су ханшайымымен саяхат ұйымдастыру. Еркін ойындар
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Балалар мен ата-аналардың бірлескен әрекеті, дәстүрден тыс техникамен сурет салу сайысы туралы ақпарат беру (жүнмен, жіппен, саусақпен, алақанмен сурет салу)				

Әдіскер: Туримбетова Г.К. 



Бекітемін:
ЖШС «Бакжан»
бөбекжай-бақшасының менгерушісі:
Түр Туримбетова Г.К.

**«Сандуғаш» ересек тобының
шілде айының циклограммасы
2022-2023 оқу жылы**

Тәрбиеші: Шәмшиева М.

ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
Топ: «Сандуғаш» ересек тобы
ШІЛДЕ АЙЫ - 1 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 03.07.23	Сейсенбі күні 04.07.23	Сәрсенбі күні 05.07.23	Бейсенбі күні 06.07.23	Жұма күні 07.07.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 1- 2 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жууды. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымыншашпауға, сусындытөкпейішудіқалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Тұрғылықты мекені бойынша өсетін жемістер мен көкөністер суретін салуды ұйымдастыру	Балалардың қимыл-қозғалысын арттырып, ептілікке баулу	Өздерінің тұратын жерлерінде, қаласында өсетін ағаштар мен бұталар түрін танып атай білуді қалыптастыру.		
Серуенге дайындық Күндізгі серуен	Киіну алгоритімін сақтай отырып өз бетінше киіну, достарына қажеттілік танытуын дамыту.				
	Музыкалық іс-шара «Жайнай бер, Қазақстаным» атты мерекелік концертке қатыстыру	Денсаулық іс-шарасы «Су патшалығындағы ойындар» Жеке еркін ойындары мен сумен ойындарды ойнату.	Шебер қолдар Балаларға саз балшықтан үй жануарларын жасауды көрсету, өз бетінше мүсін жасауға жағдай жасау. Балаларды хауызда (бассейнде) шомылдыру, ертегі		

Серуеннен оралу			кейіпкерлерінің қатысуымен : «Көңілді жаз» мерекесін ұйымдастыру		
	Ойыншықтарды жинап, реттілікпен жүру арқылы топқа оралу. Бас киім, аяқ киімді ұқыпты шешіп, орнына қою.				
Гигиеналық шаралар	«Салқын су құю» сауықтыру шарасын ұйымдастыру Сумен қолдарын сабындап жууды, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю дағдысын қалыптастыру				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап, іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу	«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасын жасау Киімдерін ұқыпты өздігенен киюін,түймелерін қадауын, сырмаларын сыруын, аяқ киімдерін дұрыс киюін дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алуын қалыптастыру				
Бесін ас	Тамақтану алдында қолдарын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйретіп, топтағы құрастыру	Қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеуәрекетінен соңқұтыларды,қыл қаламдардыжуу,үст елді сұрту	Балалардың сұранысы бойынша кітаптар қарату. Ертегі оқып беру. Ертегі желісі бойынша адамгершілік қасиеттер туралы		

	материалдарынан Астанадағы Бәйтерек, пирамиданы ұжымдасып құратқызу	дағдыларын дамыту.	түсінік беру. Ренжіген балаға жана шырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көзжеткізіпсебебінан ықтауға баулу		
Серуенге дайындық	Өз киімдерін реттілікпен өз бетінше киіну, қатармен жүріп серуенге шығу дағдысын дамыту.				
Серуендеу	«Мысық пен тышқан» қ/о «Елімнің жүрегі – Астана», әңгімелесу	«Ұшты-ұшты» ж/о Астана қаласы астанамыз, ән тыңдату және бірге айтқызу. Еркін ойындар	«Орамал тастамақ» қ/о «Бұл бақытты – мекен» асфальтқа сурет салғызу		
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	«Әлди-әлди ақбөпем» членджі, әжесінің бесік жыры тақырыбында екенін айту, дайындау.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К. 

ЖШС «Бакжан» бөбекжай-бақшасы
Топ: «Сандуғаш» ересек тобы
ШІЛДЕ АЙЫ - 2 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 10.07.23	Сейсенбі күні 11.07.23	Сәрсенбі күні 12.07.23	Бейсенбі күні 13.07.23	Жұма күні 14.07.23
Таңертеңгі қабылдау: Таңғы жаттығу Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын,көңіл күйін сұрау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру. Таңғы жаттығу шілде айы 3-4 апта комплексі Тамақтану алдында қолын жууды. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Астана қаласының көрнекі орындарындағы сәулетті ескерткіштерді(Бәй терек,шар,ЭКСПО) жапсыру амалымен жасату	Доптармен жаттығу жасауда, қол епшілігін дамыту	Сүйікті ойыншықтар туралы тақпақ жаттау, мәнерлеп айта білуін қалыптастыру	Конструкторлардан Байтеректі, биік үйлерді құрастыруды ұйымдастыру.	Жақсы көретін әнді қайталату.Ән ырғағына сәйкес сөздерді анық айтуын дамыту. Музыка сипатын би қимылында жасату
Серуенге дайындық	Киіну алгоритімін сақтай отырып өз бетінше киіну, достарына қақорлық таныту дағдысын жетілдіру				
Күндізгі серуен	Қуыршақ театры Балалардың қалауы бойынша ертегіні айтып беру, сахналату. Жеке бас еркін ойындары мен сумен	Үлкен ыдыстарға (керсен) су құйып, қағаздан жасалған кемелерді жүздіру. Балалардың зерттеушілік қызығушылықтары на қолдау көрсету	Балалар ұнататын мультфильмдерін көрсету, мазмұнын әңгімелету. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік «Тату-тәтті отбасы»	Бау мен бақша қандай болады тақырыбында суреттер көрсетіп,әңгімелету . Топ ауласын қоқыстан, тастардан тазалауға	«Әке көрген оқ жонар» тақырыбы негізінде зат қалдықтарынан әкелермен бірге бұйым жасату. Дайындалған бұйымдардан көрме

	ойындарОйын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.	үшін «Судың қасиеті», «Мөлдір-лайқа», «Ауа мен су»тақырыбында тәжірибелерді жасауға жағдай жасап, ұйымдастыру	ойынын ұйымдастыру	баулу, аула гүлдеріне, ағаштарына су құюды ұйымдастыру	ұйымдастыру. «Әлди-әлди ақбөпем» членджін қорытындылау, марапаттау.
Серуеннен оралу	Ойыншықтарды жинап, реттілікпен жүру арқылы топқа оралу. Бас киім, аяқ киімді ұқыпты шешіп, орнына қою.				
Гигиеналық шаралар	«Салқын су құю» сауықтыру шарасы Сумен қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сүртуді, дұрыс сүлгіні қолдану, киімдерін суламау, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау.				
Түскі асқа дайындық, Түскі ас	Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап отыруды пысықтау. Қандай тамақ ішіп отырғанын атау.Балаларға және тәрбиешілерге ас дәмді болуын тілеу Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды , сусын мен сорпасын төкпей ішуді үйрету. Тамақтан соң ауызды сумен шаю.				
Күндізгі ұйқы	Белгілі жүйелікте киімдерін шешу. Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, оны жинап немесе іліп қойуын қалыптастыру.				
Ұйқыдан ояну шынығу	«Ригалық әдіс» сауықтыру шарасын орындау Киімдерін ұқыпты өздігенен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді дамыту. Киіміндегі кемшіліктерді жөндеу. Қыз балалар шаштарын өздерінің тарақтарымен тарап жинап алу.				
Бесін ас	Тамақтану алдында қолдарын жуу. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, мәдени гигиеналық дағдыларды дамыту.				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	Балаларға кітап орталығында тіл ұстарту жаттығуын айтқызу ай-ай-ай, Көңіліңболсынжай! Ай-ай-ай, Ұшыпкеттіторғай	Балаларға кітап орталығында отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерінжетілдіру.Отбасындағыүлкендердісыйлауға,құрметкөрсетуге,кішілергеқамқорлық жасауға, отбасын,отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу	Балаларды орталықтарға бөліп. қалаулары бойынша дербес шығармашылық әрекеттер ұйымдастыру.	Екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солғабұрылуды меңгерту.	Денешынықтыруқұралдарын,спорттықжәне қимылдыойындарғаарналғанатрибуттардыпайдалануғаайнталандыру
Серуенге дайындық	Өз киімдерін реттілікпен өз бетінше киіну, қатармен жүру				
Серуендеу	«Не жедің тауып айт» қ/о Алтын балықпен балықтар патшалығына саяхат жасау	«Күміс алу» қ/о «Балықтар әлемі», дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салдырту.	«Масаны ұстап ал» қ/о Көркем шығарма оқып беру. Еркін ойындар	«Сақина салу» қ/о Аквариумдағыбалықтардыбақылау, жем беру	«Жалауға қарай жүгір» қ/о Балықтардың суреттерін тамашалау
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Аптабойыжасалғанжұмыстарментаныстыру.				

Әдіскер: Туримбетова Г.К. 

ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы
Топ: «Сандуғаш» ересек тобы
ШІЛДЕ АЙЫ - 3 апта циклограмма

Апта күндері	Дүйсенбі күні 17.07.23	Сейсенбі күні 18.07.23	Сәрсенбі күні 19.07.23	Бейсенбі күні 20.07.23	Жұма күні 21.07.23
Таңертеңгі қабылдау:	Балалармен сәлемдесу. Қал жағдайын, көңіл күйін сұрау. Балалардың дұрыс сәлемдесуін пысықтау. Көңіл күйін жеткізіп, топтағы балалармен сәлемдесуді қалыптастыру.				
Таңғы жаттығу	Таңғы жаттығу шілде айы 3-4 апта комплексі				
Таңғы асқа дайындық Таңғы ас	Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақты жегенде аузын жауып отырып асықпай, тамақты әбден шайнауға үйретіп пысықтау. Нан қиқымыншашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті:	Тұрғылықты мекені бойынша балалардың білетін өзен көлдердің суретін салғызу	Еденде жатқан заттардан аттап жүруді, дененің тік ұсталуын сақтауды үйрету.	Теңіздер мен мұхиттар суретін көрсету. Олардың айырмашылықтар мен ұқсастықтарын айта білуді үйрету.	Судың қасиеттерімен таныстыру, адамға, жануарларға, өсімдіктерге судың қажет екендігі туралы балаларға түсінік беру.	Суда жүзетін көлік құралдарымен таныстыру, ерекшеліктерін атай білуді дамыту.
Серуенге дайындық	Киіну алгоритімін сақтай отырып өз бетінше киіну, достарына қарорлық таныту.				
Күндізгі серуен	Шығармашылық студиясы Дәстүрден тыс материалмен сурет салу. Көкөністердің шырынымен бояу. Жеке бас еркін ойындары мен сумен ойын	Денсаулық іс-шарасы Нептун күніне арналған спорттық ойындар ұйымдастыру Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін	«Емхана», «дүкен» желілі ойынды ұйымдастыру, мамандардың іс әрекетін жасауды үйрету, бір бірімен тату келісіп ойнауды пысықтау	«Түсіне қарай топтастыр»д/о. Балаларға әр түсті бет орамалдарды, допты, шариктерді беріп, салыстырып түсіне қарай жинауды пысықтау	Балаларға көліктер мен үй жиһазы жайлы кітаптарды беріп тамашалату, әңгіме айтуға жағдай жасау. Ойын арқылы мейірімділік, ынтымақтастық

	ойнату.	тренажерлардың көмегімен таза ауада «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар» ұлттық ойындарымен жаттығулар жасату.			сезімдерін тәрбиелеу, ұқыптылықты қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Ойыншықтарды жинап, реттілікпен жүру арқылы топқа оралу. Бас киім, аяқ киімді ұқыпты шешіп, орнына қою.				
